

## **Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысы туралы есеп**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қарамағында құрылған «Әлеуметтік ғылымдар және білім беру», «6D050100, 8D03101 – Әлеуметтану», «6D090500, 8D11401 - Әлеуметтік жұмыс», «6D012300, 8D01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «6D050300, 8D03107 – Психология», «6D010300, 8D01101 - Педагогика және психология», «6D050200, 8D03104 – Саясаттану» мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру үшін құрылған диссертациялық кеңес.

Диссертациялық кеңес тәрағасы – Насимова Гульнар Өрленбаевна, 28 маусымдағы 2021 жылғы № 306 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (2021 жылғы 22 маусымдағы №11 хаттама) (11.03.2022 жылғы №82 ректордың бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Басқарма Тәрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілген.

**Диссертациялық кеңеске**

«6D050100, 8D03101 - Әлеуметтану» мамандығы бойынша;

«6D090500, 8D11401 - Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша;

«6D012300, 8D0180 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»; мамандығы бойынша;

«6D050300, 8D03107 - Психология» мамандығы бойынша;

«6D010300, 8D01101 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша;

«6D050200, 8D03104 – Саясаттану» мамандығы бойынша диссертацияны қабылдауға рұқсат етілген.

**1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер - 11.**

**2. Откізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, экесінің аты (ол болған жағдайда).**

Жоқ.

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі:**

1. Адилова Эльнур Темиркановна - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
2. Есенова Камчат Аугажыевна - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
3. Тулебаев Нурбол Насирбекович – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
4. Мустафина Айгұль Сергеевна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
5. Ахметова Эльмира Калдыбековна – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;
6. Шакеева Ботакоз Рахимбековна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

#### **4. Есепті жыл ішінде қаралған диссертацияларды қысқаша талдау.**

##### **4.1 Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.**

Есепті кезеңде диссертациялық кеңесте келесі докторанттардың PhD докторы дәрежесін алу үшін 6 диссертациялар қорғалды:

1. Адилова Эльнур Темиркановна «6D050300 – Психология» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Қазіргі қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық зерттеу».

Қазіргі заманғы процестерді түсіну және олардың одан әрі мониторингі бүгінде тұлға дамуының тұтас бейнесін, оның адамгершілік-рухани даму мен жетілдірілуін, оның бастаулары мен ерекшеліктерін зерттеусіз мүмкін емес. Үш онжылдық бойы тәуелсіз Қазақстан белгілі бір стратегияда дамыды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алғашқы онжылдықты жаңа Қазақстанның іргетасы қаланған кезең деп атауға болады. Екінші онжылдық - мемлекеттілікті нығайту, ел экономикасының потенциалын арттыру кезеңі болды. Үшінші онжылдықта саяси және экономикалық реформалармен қатар адамның, өз елінің азаматының рухани жаңғыруына ерекше мән беріле бастауды. Бұл негізгі идея, жаңа құндылықтары мен бағдарлары бар адамның адамгершілік және рухани жаңғыруы осы кезеңдердің әрқайсысының басында негізін қалаушы болып табылады деп мемлекет басшысы мұқият атап өтті. Сондықтан әлеуметтік-психологиялық зерттеудің арнайы пәні ретінде құндылық бағдарлар феноменіне жүгіну теориялық жағынан да, әмпирикалық жағынан да өзекті болып табылады.

2. Есенова Камчат Аугажыевна «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)».

Білім беру саласы аса күрделі жүйе, оның сан салалы қырлары бар. Соның аса маңызды салаларының бірі – білім беру жүйесін басқару. Әлемдік зерттеулер білім сапасын көтерудің басты кепілінің бірі – ғылыми негізде ұйымдастырылып, іске асырылған басқару жүйесінің болуы екені дәлелдеп отыр. Кеңестік үкімет құлағанға дейін өте ұқсас, тіпті бірдей білім беру жүйелері болған елдер егемендік алғаннан кейін өз даму жолдарын таңдады. Модернизация теориясына сәйкес «дамымаған» постсоциалистік елдер өздерінің «дамыған» батыстық әріптестерін қыып жету мақсатын қойды. Бұл дұрыс мақсат болды. Посткеңестік мемлекеттердің бірі, қазіргі таңда Евроодаққа мүше болған, саяси реформаларды тиімді жүзеге асыра білген, соның ішінде білім беру саласын дамытуда да жақсы нәтижелерге қол жеткізген ел – Литва.

3. Тулебаев Нурбол Насирбекович «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Қазақстанда әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлерді қоғамдық қабылдау».

Диссертациялық зерттеу Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлерді қоғамның қабылдауын зерттеуге арналған. Бұл жұмыс Қазақстандағы кәсіби қызмет пен ғылыми білімнің бір түрі ретінде әлеуметтік жұмысты зерттеуге және қоғам олардың имиджі мен кәсіби туралы не

ойлайтыны жөнінде әлеуметтік қызметкерлердің пікірлерін анықтауға бағытталған ауқымды зерттеу болып табылады.

4. Мустафина Айгуль Сергеевна «6D090500 - Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Гипербелсенділік және зейін жетіспеушілік синдромы бар балалардың мектеп жүйесінде әлеуметтік шеттетілуі».

ГЗЖС-мен ауыратын балалардан әлеуметтік бас тартудың таралуы мен елеулі жағымсыз салдарларына қарамастан, Қазақстанда осы уақытқа дейін осы процесті және оның факторларын зерттеуге бағытталған зерттеулер жүргізілген жоқ. Мұндай зерттеулердің болмауы Қазақстанның мектеп жүйесінде ГЗЖС бар балаларды әлеуметтік қолдау шараларын әзірлеуді және жүзеге асыруды шектейді. Жеке, отбасылық және әлеуметтік қауіп факторлары және қазақстандық контексте ГЗЖС бар балаларды әлеуметтік қабылдамаудан қорғау факторлары туралы әмпирикалық білім әлеуметтік жұмыс мамандарына тиімді араласу бағыттарын анықтауға көмектеседі.

5. Ахметова Эльмира Калдыбековна «8D01110 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклузивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы».

Қазақстан Республикасының бүгінгі білім беруді дамытудың маңызды тенденциясы әр бір баланың ақыл-ой қабілеттері мен мүмкіндіктерін және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, ортаның, отбасының қатысуымен инклузивті білім беруді ұйымдастыру және ілгерілендіру болып отыр. Бүгінде, инклузивті білім беруді дамытуда шешімін таппаған мәселелер өте көп. Дегенмен, Мектептегі білім беру жүйесіндегі балаға қатысты кез-келген мәселенің тиімді шешімі отбасымен ынтымақтастық құрудан басталады. Отбасы бала үшін ең жақын әлеуметтік орта, ол оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің негізгі одактасы.

6. Шакеева Ботакоз Рахимбековна «6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясындағы қазақ этникалығы».

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елдің үкіметі алдында этносаралық тепе-тендікті сақтай отырып және мемлекет құрушы этностың талаптарын ескеру арқылы қалай көпэтности қоғамды біріктіруге болады деген күрделі мәселе тұрды. Мемлекет бұл күрделі міндетті біртіндеп қазақстандық бірегейлікті алға жылжыта отырып, азаматтық ұлтты құру арқылы тиімді шешу жолын таңдады. Бірақ Қазақстанның ұлттық бірегейлігі тек әлеуметтік-саяси аспектілерден ғана тұрмайды, сондай-ақ, оның құрамында көпэтности мемлекеттерге тән аса маңызды этномәдени аспектілер де жоқ емес, себебі «ұлт» түсінігінің өзі азаматтық-саяси және этномәдени қағидаларды біріктіреді. Бүгінгі күні елдің ұлттық бірегейлігін қалыптастыру тақырыбында көптеген кешенді ғылыми зерттеу жұмыстары бар. Дегенмен, қазақстандық ғылыми дискурста ұлттық бірегейліктің қалыптасуына қазақ этникалығының ықпалын зерттеу тақырыбына қатысты еңбектер әлі де жеткіліксіз. Бұл біздің

таңдап алған зерттеу тақырыбының қазіргі уақыттағы өзектілігін айқын көрсетеді.

**4.2 диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының З-тармагына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жсанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;**

1. Адилова Эльнур Темиркановнаның «Қазіргі қазақстанның жастардың құндылық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық зерттеу» тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі «Жаңа адами капитал» бойынша Стратегиялық даму жоспары сияқты ғылым дамуының басым бағыттарына және «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес келеді.

2. Есенова Камчат Аугажыевнаның «Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)» атты тақырыптағы диссертациялық зерттеуі тұжырымдамалық ойлардың дәлелділігінің эмпирикалық негізі ретінде «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, «Педагог мәртебесі туралы» заңға, білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, «Педагогтің кәсіби стандарты» және т.б. мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамаларға сәйкес негізделді.

3. Тулебаев Нурбол Насирбековичтің «Қазақстанда әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлерді қоғамдық қабылдау» атты тақырыптағы диссертациясы әлеуметтік жұмыстың қоғамдық қабылдауын зерделеу жөніндегі эксперименттік бөлігі, оның ішінде қазақстанның практик – әлеуметтік қызметкерлермен терең эксперttік сұхбаттар сериясы арқылы толық және терең ақпарат алуға бағытталған сапалы зерттеу фазасы «ЮНИСЕФ – ЕО көші – қон процестерінде балаларды қорғау жөніндегі бағдарламасы шеңберінде Қазақстандағы әлеуметтік нормалар мен мінездүкүліктердің өзгерту бойынша жеке деңгейде және қоғамдастықта өзара іс-қимыл жасау үшін базалық құзыреттерді ескере отырып, әлеуметтік жұмыс функцияларын орындастырып әлеуметтік қызметкерлер мен мамандарды дипломға дейінгі және кейінгі даярлаудың және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламаларын жетілдіру» халықаралық жобасы шеңберінде профессор Әбдірайымова Г.С. жетекшілігімен орындалған. (ДФМП NSSFA /KAZ/2020/006 20.05.2020).

4. Мустафина Айгуль Сергеевнаның «Гипербелсенділік және зейін жетіспеушілік синдромы бар балалардың мектеп жүйесінде әлеуметтік шеттетіліуі» атты тақырыптағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 – 2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес диссертация білім берудің дамытудың басым бағыттарының

бірі – стигматизация, кемсітушілік және зорлық-зомбылықсыз қауіпсіз окуортасын құруға сәйкес келеді.

5. Ахметова Эльмира Калдыбековнаның «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклузивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» тақырыбында диссертациясы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен мемлекеттік бағдарламаларына негізделеді. Қазақстанда білім мен ғылым саласының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» сапалы инклузивті білім беруді жетілдірудің жолдары құрылған. Бағдарлама мазмұны бойынша МШБ-ды оқытудың тиімділігін арттыру жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, диссертацияда ҚР «баланың құқықтары туралы» заны, ҚР «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы зандарға сүйенген. Диссертациялық жұмыс мазмұны аталмыш бағдарлама міндеттерін шешуге өзіндік үлес қосады.

6. Шакеева Ботакоз Рахимбековнаның «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясындағы қазақ этникалығы» тақырыбында диссертациясы ғылымның негізгі даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен өзара ішкі байланысы бар. Солардың біразын атап айттар болсақ ғылыми ізденіс барысында «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» сияқты зандар мен бағдарламаларды басшылыққа алуымен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыс ҚР ЕЖБМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институтында жүзеге асырылған № BR05236488 «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» (2018-2020 жж.) бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобалары аясында 2019 жылдың сәуір-шілде айларында жүргізілген сандық әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сілтеме жасала отырып жазылды.

#### *4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.*

1. Адилова Эльнур Темиркановнаның «Қазіргі қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық зерттеу» тақырыбында диссертациясының нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілуі қазіргі қазақстандық жастардың өмірлік әлемінің құндылық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық зерттеудің әмпирикалық моделін жасауда. Бұл модел Қазақстанның жоғары білім беру орындарында және оқу-тәрбие қызметін жоспарлау кезінде, әлеуметтік психология, тұлға психологиясы курстарын оқыту кезінде, сонымен қатар басқалардан түбекейлі ерекшеленетін жаңа буын студенттердің адамгершілік санасын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіруге бағытталған практикалық материалдар ретінде қолдануға болады.

2. Есенова Камчат Аугажыеvnаның «Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)» тақырыбында диссертациялық зерттеуінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы Қазақстанның білім беру

менеджерлерін дайындау жүйесін жетілдіруде; білім берудегі менеджмент мамандығы бойынша элективті арнайы курсар мен жеке дәрістер әзірлеуде; білім алушылардың білім берудегі менеджмент және салыстырмалы педагогика салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда; білім бағдарламаларын дайындалап жүзеге асыру барысында; білім беру саласы басшыларының біліктіліктерін арттыру жүйесінің жұмыстары жетілдіруде; «7М01101 –Педагогика және психология», «7М01105 – Педагогика. Білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламалары негізінде білім беру саласының басшы кадрлары дайындауда.

3. Тулебаев Нурбол Насирбековичтің «Қазақстанда әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлерді қоғамдық қабылдау» атты тақырыптағы диссертациясы Қазақстанда әлеуметтік жұмысты қоғамның қабылдауы туралы ұсынылып отырған зерттеу жұмысы аталған мамандық туралы, оның даму ерекшелігіне тұтас түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл әрі қарай жүргізілетін зерттеулер үшін парадигмалдық және тұжырымдамалық әдіснамалық негіз бола алады. Жұмыста негізделіп отырған ережелер осы мәселені зерттеудің теориялық негіздерін салыстырмалы талдау тұрғысынан кеңейтуге мүмкіндік береді.

Негізгі ережелер Қазақстандағы әлеуметтік қызметкерлердің әлеуетін арттыруға біртұтас тәсілді одан әрі әзірлеу процесінде пайдаланылуы мүмкін және студенттер үшін әлеуметтік жұмыс бойынша курсар оку және оку құралдарын дайындау кезінде қолданылуы мүмкін. Диссертациялық зерттеудің идеялары мен ережелерін мемлекеттік органдар әлеуметтік процестерді басқару кезінде және ресурстық әлеуетін қалыптастыру үшін, әлеуметтік макро саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу үшін, сонымен қатар әрі қарай да зерттеулер жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аналитикалық институттары әдіснамалық база ретінде қолдануы мүмкін. Диссертацияда ұсынылған тәжірибелік ұсыныстар әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы әкімшілік және қоғамдық құрылымдардың қызметінде де қолданылады.

4. Мустафина Айгуль Сергеевнаның «Гипербелсенділік және зейін жетіспеушілік синдромы бар балалардың мектеп жүйесінде әлеуметтік шеттетілуі» атты тақырыптағы диссертациясындағы қолданылған зерттеу мектептерде ГЗЖС бар балаларды қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру қажеттілігін өзекті етеді, ГЗЖС бар балалар мен олардың ата – аналары үшін психоәлеуметтік қызметтерді дамыту қажеттілігін атап көрсетеді. Зерттеу әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне тиімді бағытқа негізделген тәсілді және дамудың экологиялық моделін ұсынады. Зерттеуде теориялық талдау мен эмпирикалық деректердің негізінде қазақстандық мектептерде тиімді алдын алу шаралары мен интервенциялық бағдарламаларды әзірлеу үшін негіз бола алатын ГЗЖС бар балалардың әлеуметтік қабылданбауын болдырмауға және тәмендетуге бағытталған әлеуметтік жұмыс тәжірибесінің моделі әзірленді. Ағылшын тіліне бейім Student-Teacher Relationship Scale (Pianta, 1992) сауалнамасы және сыныптан тыс белсенділіктің әзірленген шкаласы мектептегі әлеуметтік жұмыс тәжірибесінде қолданыла алады.

Perceived Social Support Scale (Ma, 2017) сауалнамасы ГЗЖС бар балалармен және олардың отбасыларымен білім беру мен денсаулық сақтауда әлеуметтік жұмыстың тәжірибелік құралы бола алады.

5. Ахметова Эльмира Калдыбековнаның «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклузивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» тақырыбында диссертациясында жүргізілген зерттеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклузивті білім берудегі мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығын нығайтуға және жан-жақты дамытуға, оған мақсатты, жүйелі және ғылыми негізделген сипат беру арқылы қажеттілікті өзектендіреді. Зерттеу практикада ата-аналар мен мектеп педагогтарының өзара іс-қимылын жандандыру, ата-аналардың функционалдық сауаттылығын, отбасылық тәрбие әлеуетін және интеграциялық үлгілерді бірлесіп ілгерілету аспектісінде мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту негізінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклузивті білім беру проблемаларын шешудің жаңа әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерін практикада ілгерілетеді. «Мектеп – отбасы» ынтымақтастығы жүйесінде әзірленген инклузивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді инклузивті білім беруге бағытталған ата-аналар мен педагогтардың өзара іс-қимылның ғылыми негізделген жүйесін құру үшін пайдаланылуы мүмкін. «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклузивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» атты оқу-әдістемелік семинар, мұғалімдер мен ата-аналарға арналған психологиялық-педагогикалық тренингтер, диагностикалық құралдар мектеп пен отбасының тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырудың практикалық құралы бола алады. Зерттеу нәтижелері, сондай-ақ білім берудің инклузивті бағдарламаларын іске асыратын мектеп педагогтарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау практикасында, педагогикалық жоғары оқу орындарында инклузивті білім беру пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін.

6. Шакеева Ботакоз Рахимбековнаның «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясындағы қазақ этникалығы» тақырыбында диссертациясының практикалық маңыздылығы оның тұжырымдары ұлттық саясаттың өзекті мәселелерін әзірлеуге және шешуге негіз болуымен айқындалады. Сондықтан зерттеу нәтижелерін Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің одан әрі дамуының тарихи генезисі мен траекториясының қалыптасуының біртұтас ғылыми теориясын қалыптастырудың дереккөздерінің бірі ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ диссертацияның нәтижелері ұлттық саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, министрліктеріне және ведомстволарына қолданбалы ұсыныстардың ғылыми көзі ретінде қолдануға болады.

## **5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Қаралған диссертациялық зерттеулер бойынша ресми рецензенттер ретінде пәндік салаларда мамандығы бойынша ғылыми жарияланымдары бар, қорғалған диссертациялар тақырыбына жақын жетекші ғалымдар сөз сөйледі.

1. «6D050300 – Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Адилова Эльнур Темиркановнаның *рецензенттері*:

1) Ерментаева Ардак Ризабековна – психология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. Мамандығы: 19.00.07 – педагогикалық психология;

2) Сангибаев Оспан Сейдуллаевич – психология ғылымдарының докторы, Туран университетінің профессоры. Мамандығы: 19.00.07 – педагогикалық психология.

2. «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Есенова Камчат Аугажиевнаның *рецензенттері*:

1) Бахишева Светлана Мендіғалиқызы – педагогика ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті;

2) Жунисова Азиза – Философия ғылымдарының докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

3. «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Тулебаев Нурбол Насирбековичтің *рецензенттері*:

1) Байғабылов Нұрлан Оралбайұлы – Әлеуметтану саласындағы PhD докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ әлеуметтану кафедрасының менгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан);

2) Мадалинска-Мичалак Джоанна - әлеуметтік ғылымдар PhD докторы, профессор, білім беру факультеті, Варшава университеті (Варшава қ., Польша).

4. «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторантары (PhD) дәрежесін алу үшін Мустафина Айгуль Сергеевнаның *рецензенттері*:

1) Нуркатова Меруерт Маратовна – әлеуметтік жұмыс саласындағы PhD докторы, Колумбия университеті жанындағы Орталық Азиядағы жаһандық денсаулықты зерттеу орталығының ғылыми қызметкери (Алматы қ., Қазақстан);

2) Бейсенова Айгуль Аманжановна – әлеуметтану саласындағы PhD докторы, Академик Е. А.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің философия және психология факультетінің деканы (Қарағанды қ., Қазақстан).

5. «8D01110 – Педагогика және психология» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ахметова Эльмира Калдыбековнаның *рецензенттері*:

1) Атемова Қалипа Тұрсынқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан

қ., Қазақстан). Мамандығы: «13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы»;

2) Оралбекова Алия Құрбанқызы - PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент қ., Қазақстан). Мамандығы: «6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі».

6. «6D050200 – Саясаттану» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шакеева Ботакоз Рахимбековнаның рецензенттері:

1) Әуелгазина Толқын Құдайбергеновна – саяси ғылымдарының докторы, доцент, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің оқу ісі департаменті директорының орынбасары (Алматы қ., Қазақстан). Мамандығы: «23.00.02 - саяси институттар, этносаяси конфликтология, ұлттық және саяси процестер мен технологиялар»;

2) Асылтаева Эльнурә Бейсенбековна – PhD, «Туран» университетінің «Аймақтану және Халықаралық қатынастар» кафедрасының доценті (Алматы қ., Қазақстан). Мамандығы: «6D050200 – Саясаттану».

Ұсынылған барлық рецензияларда диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі, ізденушінің алған ғылыми нәтижелері, әрбір ғылыми нәтиженің негізділігі мен нақтылығы, олардың жаңалығының дәрежесі көрсетілген, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы, ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген.

Жоғарыда аталған ғалымдар (рецензенттер) ұсынған рецензияларды талдау өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша олардың ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келетіні туралы қорытындыға келуге мүмкіндік берді. Сапасыз пікірлер жоқ.

## **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

Ғылыми тақырыпты таңдау сапасын арттыру, докторант пен ғылыми жетекшілердің бірлескен жұмысының жүйелілігі мен жемістілігін арттыру мақсатында студенттер бірінші семестрде теориялық дайындықты аяқтап, академиялық айырмашылықты тапсырғаннан кейін екінші семестрде докторанттардың диссертациялық зерттеу және ғылыми жетекшілерінің тақырыбын бекіту мерзімін анықтау.

Егер зерттеудің бағытын оқудың екінші жылында да өзгертуге дәлелді себеп болған жағдайда Докторанттың тақырыбын өзгертуге рұқсат беру.

ҚР БФМ БФСҚҚ бекіткен ғылыми журналдарда жекелеген мамандықтар бойынша жарияланымдарға рұқсат етілген журналдар тізімін кеңейту. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы сабактас мамандықтарға ұсынылатын журналдарда жариялауға рұқсат ету. Кейбір мамандықтар үшін бұл тізім тіпті бір журналмен шектелуі мүмкін. Журналдардың аз тізімі докторанттарға докторантуралар шарттарына сәйкес мақала басып шыгаруға мүмкіндік бермейді,

бұл талапкерлердің «ұзак» кезегіне байланысты мүмкіндіктің төмендігіне байланысты.

Ғылыми журналдар мен басылымдардың басқа да әлемге танымал ақпараттық және рейтингтік дерекқорларын қосу арқылы жариялауға рұқсат етілген журналдар тізімін кеңейту.

Докторант диссертация қорғауға кіріскең кезде мақаланы жариялау кезіндегі журналдың процентиль көрсеткішін ескеруді ұсынамыз. Журнал редакциясына мақала жіберген кезде докторант журналдың ағымдағы процентиль көрсеткішін және оның рейтингтік базаға енуін ескереді. Дегенмен, диссертацияны аяқтау және қорғауға өтінім беру кезінде процентиль көрсеткіші төмендей, журнал ғылыми журналдар мен басылымдардың рейтингтік базасынан шығуы мүмкін. Осы себепті докторанттар қорғауға шыға алмайды.

Тағылымдама ұзақтығын анықтау докторанттың тәжірибелік жұмысының дизайнына байланысты неғұрлым икемді. Қазіргі жағдайға сәйкес көрші елдерге кемінде 75 күн, ал алыс шетелдерге 50-60 күннен кем емес. Практика жоспарын тезірек орындаған жағдайда тағылымдамадан өту мерзімін қысқартуға рұқсат етіңіз. Қажет болса, тағылымдаманы екі сапарға бөлуге рұқсат етіңіз.

Диссертацияны қорғау процедурасы кезінде рецензенттерге құрылымдық кестелік нысаны бар рецензияның мазмұнын толық немесе жеткілікті түрде оқымауға мүмкіндік беріңіз. Рецензенттерді диссертациялық кеңес мүшелерін диссертациялық жұмыстың нәтижелеріне берген бағасымен және олардың жаңашылдық дәрежесімен, атқарылған ғылыми жұмысқа өзіндік көзқарасымен қысқа еркін түрде таныстыруға шақырыңыз.

## 7. Философия докторы (PhD), дәрежесі бойынша доктор дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер (1-кесте).

Мамандық	6D050100, Әлеуметтану	6D090500, Әлеуметтік жұмыс	6D012300, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	6D050300, Психология	6D010300, Педагогика және психология	6D050200, Политология
Қорғауға ұсынылған диссертация	-	2	-	-	1	2
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	1	1

корғауға ұсынылмаған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Рецензенттен қарсы пікір алған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Корғаудың қорытынды шешімі бойынша теріс шешімі бар диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Корғау қорытындысы бойынша оң шешімі бар диссертациялар	-	2	-	1	2	1
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	1	-

**Диссертациялық кеңестің төрайымы**

**Г.О. Насимова**

**Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы**

**Н.У. Шеденова**



"12" 01 2023 жыл